

---


# *ТУЛЯРЕМИЯ*

*ОРЫНДАҒАН: ҚАЛЫҚҰЛ НУРИЛА*  
*ТЕКСЕРГЕН: ЖЕТПІСБАЙ А.Ж.*

*Туляремия- зооноз, жедел жұқпалы ауруға жатады.  
Ауру улану белгісімен қатар бездердің, терінің шырышты  
кабаттарымен, өкпенің зақымдануымен сипатталады.*

# ТАРИХИ МӘЛІМЕТТЕР

*Г.Мак-Кой 1910 жылы Калифорнияның Туляре деген батпақты жерінде обаның табиғи ошағын зерттеп жүріп, суырдан оба тәрізді ауруды ойлап тапқан. Ол Ч. Чепинмен бірге 1911 жылы суырдан осы аурудың қоздырғышы *Bacterium tularense*-ні бөліп алды. Көп ұзамай бұл аурумен адамдар ауыратыны анықталып, И.Френсисстің 1924 жылы ұсынысы бойынша туляремия деп атаған.*



# ЭТИОЛОГИЯСЫ

*Туляремия қоздырғышы- Francisella tularensis, Francisella туыстығына, Brucellaceae тұқымдас­тығына жатады. Ұсақ кокк таяқша тәрізді клеткалар, грам теріс, капсула, спора түзбейді. Суда 3 ай 0 градустан төмен болса, бидай және оның сабағында 6 ай, өлген жануарлардың терісінде 8 ай. Қайнатқанда 1-2 минутта, хлорамин, лизол, хлорит әк ерітінділерінде 3-5 минутын ішінде жойылады.*

# *ПАТОГЕНЕЗ*

*Қоздырғыш адам денесіне зақымданған тері, көздің, тыныс, асқазан жолдарының шырышты қабаттары арқылы енеді. Қоздырғыш енген теріде жара пайда болады, лимфа жүйесімен бактериялар лимфа безіне еніп, өсіп-өнеді де арнайы қабыну процесі басталады, ол жұмсарады- осы лимфа бездерінің үлкен мөлшерде ісінуін- бубон деп атайды. Егерде қоздырғыш бүкіл организмге тараған жағдай да сол ағзалардың қабыну процесі орын алады.*

# ЭПИДЕМИОЛОГИЯ


*Аурудың көзі: жануарлар: кеміргіштердің әртүрлі тобы, сұр тышқан, үй тышқаны, егеуқұйрықтар, қояндар. Үй жануарлары: қой, шошқа, ірі қаралар*

*Ауруды тамсымалдайтындар: кенелер, масалар, бүргелер тасымалдап жұқтырады.*



# ТУЛЯРЕМИЯНЫҢ АДАМҒА ЖҰҒУ ЖОЛДАРЫ

- *Контактілі- тері мен шырышты қабықшалар арқылы инфицирленген жануарлармен жанасқанда, жануар тістеп алғанда жұғады.*
- *Алиментарлы- кеміргіштердің зәрімен инфицирленген су, тағам арқылы.*
- *Шаң тозаң арқылы- залалданған шаң арқылы, шөп жұмыстарын жүргізгенде.*
- *Трансмиссивті- әртүрлі қан сорғыштармен (кене, маса) арқылы беріледі.*



# *КЛИНИКАЛЫҚ КӨРІНІСІ*

*Жасырын кезеңі бірнеше сағаттан 3 аптаға созылады. Орташа 3-7 күн.*

*Ағым ұзақтығы бойынша:*

- *Жедел ( 3 аптаға дейін )*
- *Жеделдеу ( 6 ай және ұзақ )*
- *Рецидив*

*Ағым ауырлығы бойынша:*

- *Жеңіл*
- *Орташа*
- *Ауыр*



*Аурудың бірнеше клиникалық түрлері бар. Қоздырғыштың әртүрлі ағзаға енуіне байланысты клиникалық белгілеріде әртүрлі болып келеді. Олар: тері шырышты қабаттың туляремиясы, жара-бубондық түрі, бубондық түрі, көз-бубондық түрі, баспа-бубондық және ішкі ағзалардың туляремиясы (өкпелік, іштік) және бүкіл организмге тараған түрі. Аурулар жедел басталады, науқастың дене қызуы көтеріліп, қалтырайды, әлсіздік пайда болып, басы ауырады, бұлшық еттері ауырып, ұйқысы бұзылады және тәбеті төмендейді. Жүрегі айнып құсады, терлейді. Ауыр түрінде қозып, көзіне әр нарселер елестеуі де мүмкін. Аурудың беті, көзі қызарып, денесінде бөртпе пайда болады. Бауыры, көк бауыры ұлғаяды. Лимфа бездері ісінді. Ауру 2-3 аптадан 1,5-3 айға дейін созылады.*

# ТУЛЯРЕМИЯНЫҢ ТҮРЛЕРІ

- *Жара бубондық түрі. Қоздырғыш енген жерде қышитын қызыл дақ пайда болады және ол түйінге айналады да сонымен қатар ішінде сұйықтығы бар бөртпеге айналып жарылады да ішінде ірің пайда болады. Оның ортасы қарайып, қабыршықтанып, тыртық қалады. Өз кезегінде қосымша лимфа бездері де ісіне бастайды.*
- *Бубондық түрі. Қоздырғыштың енген жерінде лимфа бездерінің ісінуі үлкейуі байқалады. Бубон аурудың 2-3 күндері пайда болады. Ол 1-5 см-ге дейін ісінеді, ауырмайды, қозғалады, ішінде ірің пайда болады, кейде жарылып та кетеді.*
- *Көз-бубондық түрі. Науқастың қабағы ісініп, қабынады. Құлақтың иек астындағы лимфа бездері үлкейеді.*
- *Баспа-бубондық түрі. Ауру тағам арқылы жұғады. Тамақтың безі ісінеді, науқастың тамағы қызарып, жара пайда болады және иектің, мойынның лимфа бездері де ісініп кетеді.*

- *Іштік түрі. Улану белгілері жоғары болып, дене қызуы көтеріледі. Асқазан-ішек жолдарының жолындағы лимфа бездері зақымданады, аурудың іші ауырып, жүрегі айнып, құсады, кейде ішегінен қан кетеді.*
- *Өкпелі түрі. Ауру ауа, шаң арқылы жұғады. Аурудың өкпесі қабынады және аз уақытта қызба, улану белгілері жоғары болады, науқас жөтеліп, қақырық бөлінеді, кеудесі ауырады. Аурудың бұл түрінде бубон болмайды.*
- *Аурудың бүкіл организмге тараған түрі. Ауру іш сүзегіне ұқсас болады. Қызба 3 аптадан жоғары сақталады, науқасының денесінде бөртпе пайда болады, бауыры, көк бауыры ісінеді. Алайда лимфа бездері өзгермейді.*

### **Асқынуы:**

- *Перитонит*
- *Миокардит*
- *Менингит*
- *Менингоэнцефалит*
- *Инфекциялық-токсикалық шок*

### **Диагноз қою:**

1. *Эпидемиологиялық анамнезін жинау.*
2. *Клиникалық белгілеріне қарау, көру.*
3. *Зертханалық нақтама зерттеулерін жүргізу. Серологиялық зерттеулер- РА, РПГА, ИФА. Теріге аллергиялық байқау жүргізу ( туляринмен ). Биологиялық зерттеулер.*

# ЕМДЕУ


*Ауруды ауруханада емдеу керек. Қоздырғышқа қарсы антибиотик қолданылады: тетрациклин, стрептомицин, левомоцилин, дене қызуы түскеннен кейін 5-7 күн бойы беріледі. Симтоматикалық ем тағайындалады, улану белгісіне қарсы сұйықтықтар беріледі. Витаминдер С және В тобы, антигистаминдік дәрілер ( пипольфен, супрастин, димедрол ) тағайындалады. Физиотерапиялық емдер қолданылады. Созылмалы түрінде қосымша сұйықтықтар беріледі.*



## *АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ*

*Халық арасында санитарлық-ағарту жұмысын жүргізу. Кеміргіштерден сақтау, дератизация, дезинсекция жұмыстарын жүргізу. Су көздерін, тағамдарды, тағам қоймаларын, дүкендерді, тұрғын үйлерді қатаң қадағалау. Арнайы киімдер (қолғап, бетперде, көзілдірік кию), иісті заттарды пайдалану. Арнайы алдын алу-егу шараларын жүзеге асыру.*









## *СИТУАЦИЯЛЫҚ ЕСЕП*

*Науқастың шағымы: дене қызуы көтерілген, басы ауырады, әлсіздік пайда болады, тәбеті төмендейді, бұлшық еттері ауырады, қалтырайды, көзіне әр түрлі нәрселер елестейді, жүрегі айнып, құсады. Қарағанда беті, көзі, мойны қызарған, денесінде бөртпелер пайда болғанын байқауға болады және бауыры, көк бауыры, лимфа бездері ұлғайған. Эпид.анамнез жинаған кезде науқас 1 апта бұрын аңшылыққа шыққанын айтады.*

*Бұл қандай ауру деп ойлайсыз?*

*Науқастың шағымы: дене қызуы көтерілген, басы ауырады, әлсіздік, терлейді, қалтырайды, жүрегі айнып құсады. Қарағанда қабаңы ісініп, қызарған және құлақтың иек астындағы лимфа бездері ұлғайған. Эпид анамнез жинағанда науқас демалыс күндері тауға шыққанын айтады.*

*Бұл қандай ауру деп ойлайсыз?*

# СҰРАҚТАР

- 1) *Туляремия дегеніміз қандай ауру?*
- 2) *Туляремияның қандай түрлері бар және оларды атап шық?*
- 3) *Туляремияның жасырын кезеңі қанша күннен тұрады?*
- 4) *Аурудың клиникалық белгілері қандай?*
- 5) *Туляремияның асқынуы қандай?*
- 6) *Туляремияның адамға жұғу жолдары.*
- 7) *Туляремия ауруының ауру көзі қандай?*
- 8) *Туляремиямен ауырған кезде қандай ем тағайындалады?*
- 9) *Туляремияның алдын алу шаралары қандай?*
- 10) *Зертханалық зерттеу кезінде қандай зерттеулер жүргіземіз?*